ҚҰҚЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫ / ФИЛОСОФИЯ ПРАВА / PHILOSOPHY OF LAW

ӘОЖ 348.97; 348.9
ҒТАМР 10.01.08; 10.01.09
https//doi.org/10.63546/3005-2246.2026.13.1.001

САНДЫБАЕВ Жалғас Садуахасұлы[1]
Философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, MNU (Maqsut Narikbayev University) Ислам және қазақ құқығы орталығының аға ғылыми қызметкері

САБДИН Асқар Кәлімжанұлы
MNU (Maqsut Narikbayev University) Ислам және қазақ құқығы орталығының директоры. Исламтану докторанты.

АХМАДИ Марат Асқарұлы
PhD докторы, MNU (Maqsut Narikbayev University) Жеке құқық ғылыми мектебінің профессоры

ИСЛАМ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕ НОРМАШЫҒАРУ ӘДІСНАМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҰСЫЛМАН МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ӘСЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада ислам құқығындағы нормашығару үдерісі (хукм) және оның мұсылманның құқықтық санасы мен мінез-құлқын қалыптастырудағы рөлі кешенді ғылыми-құқықтық тұрғыдан талданады. Зерттеу ислам құқығының теориялық негіздерін айқындай отырып, шариғаттық норманың қалыптасу тетіктері мен әдіснамалық талаптарына баса назар аударады. Атап айтқанда, хукм ұғымының мәні, оның негізгі дереккөздері (Құран, Сүннет, ижма, қияс және қосымша дәлелдер), сондай-ақ норманың заңды әрі тұрақты түрде қалыптасуы үшін қажетті үш іргелі шарт – дереккөздерді терең білу, ижтихадқа қойылатын біліктілік талаптары және истидлял әдістері жан-жақты қарастырылады.

Мақалада дәстүрлі ислам құқықтық мектептерінде қалыптасқан нормашығару жүйесінің тұрақтылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі маңызы айқындалып, осы әдіснамалық талаптарды елемеу нәтижесінде туындайтын құқықтық нигилизм мен девианттық мінез-құлықтың қоғам үшін қауіпті салдарлары көрсетіледі. Авторлар деструктивті діни ағымдардың құқықтық нормаларды үстірт әрі дәлелсіз түсіндіруі қоғамдық тәртіпке, құқықтық санаға және діни тұрақтылыққа кері әсер ететінін негіздейді. Зерттеу нәтижелері ислам құқықтануының классикалық қағидаттарын сақтау қазіргі мұсылман қоғамында құқықтық тұрақтылық пен бейбіт өмірді қамтамасыз етудің маңызды шарты екенін дәлелдейді.

Түйін сөздер: Ислам құқығы, шариғат, хукм, нормашығару, ижтихад, истидлял, фикh, құқықтық сана.

1 Автормен хат-хабар алмасу: e-mail: nmu.zhalgas@gmail.com

САНДЫБАЕВ Жалгас Садуахасович
Главный научный сотрудник Центра исламского и казахского права при MNU (Maqsut Narikbayev University), кандидат философских наук, ассоциированный профессор

САБДИН Аскар Калимжанович
Руководитель Центра исламского и казахского права при MNU (Maqsut Narikbayev University), докторант исламоведения

АХМАДИ Марат Асқарулы
PHD, профессор Научной школы частного права MNU (Maqsut Narikbayev University)

МЕТОДОЛОГИЯ НОРМОТВОРЧЕСТВА В СИСТЕМЕ ИСЛАМСКОГО ПРАВА И ЕЁ ВЛИЯНИЕ НА ПОВЕДЕНИЕ МУСУЛЬМАНИНА

Аннотация. В статье комплексно анализируется процесс нормотворчества (хукм) в исламском праве и его влияние на формирование правового сознания и поведения мусульманина. Исследование направлено на выявление теоретико-правовых основ шариатской нормы, а также на раскрытие методологических механизмов её формирования. Особое внимание уделяется понятию хукма, его основным источникам (Коран, Сунна, иджма, кыяс и вспомогательные доказательства), а также трём ключевым условиям корректного нормообразования: глубокому знанию доказательственной базы, соблюдению требований иджтихада и применению методов истидляля.

В работе подчёркивается значение классических исламских правовых школ в обеспечении нормативной целостности и правопорядка в мусульманском обществе. Отдельно рассматриваются риски, возникающие в результате игнорирования установленных методологических принципов нормотворчества, включая правовой нигилизм и распространение девиантных форм религиозно мотивированного поведения. Авторы аргументируют, что деструктивные религиозные течения, опирающиеся на упрощённое и субъективное толкование норм, подрывают устойчивость исламской правовой системы и общественного порядка. Делается вывод о том, что сохранение и применение классических принципов исламской юриспруденции является необходимым условием обеспечения правовой стабильности, социальной гармонии и предотвращения радикализации в современном мусульманском мире.

Ключевые слова: исламское право, шариат, хукм, нормотворчество, иджтихад, истидлял, фикх, правосознание.

SANDYBAEV Zhalgas Saduakhasovich
Senior Researcher of the Center for Islamic and Kazakh Law at MNU (Maqsut Narikbayev University). Candidate of Philosophical Sciences Associate Professor

SABDIN Askar Kalimzhanovich
Supervisor of the Center for Islamic and Kazakh Law at MNU (Maqsut Narikbayev University). Doctoral student in Islamic studie

AKHMADI Marat Askaruly
PHD, professor of the Private Law Scientific School, MNU (Maqsut Narikbayev University)

THE METHODOLOGY OF NORM-MAKING IN THE SYSTEM OF ISLAMIC LAW AND ITS IMPACT ON MUSLIM CONDUCT

Abstract. This article provides a comprehensive legal-theoretical analysis of the norm-formation process (ḥukm) in Islamic law and its impact on shaping Muslim legal consciousness and behavioral patterns. The study examines the conceptual foundations of Islamic legal norms and highlights the methodological mechanisms through which sharia rulings are derived. Particular attention is given to the definition of ḥukm, its primary sources (the Qur'an, Sunnah, ijmāʿ, qiyās, and supplementary evidences), as well as the three essential conditions for sound norm generation: thorough knowledge of legal evidences, compliance

with the qualifications of ijtihād, and the proper application of istidlāl (legal reasoning).

The article emphasizes the role of classical Islamic legal schools in maintaining normative consistency, legal certainty, and social order within Muslim communities. It further analyzes the legal and social risks arising from the neglect of established jurisprudential methodologies, including the emergence of legal nihilism and deviant religious behavior. The author argues that destructive religious movements, which rely on superficial and non-systematic interpretations of Islamic norms, undermine both legal stability and communal harmony. The study concludes that adherence to classical principles of Islamic jurisprudence is crucial for ensuring legal coherence, preventing radicalization, and promoting sustainable religious and social stability in contemporary Muslim societies.

Keywords: Islamic law, Sharia, hukm, norm formation, ijtihad, istidlal, fiqh, legal consciousness.

Кіріспе

Ислам – тек діни сенім жүйесі ғана емес, сонымен қатар қоғамдық қатынастарды реттеудің күрделі құқықтық әрі моральдық механизмі. Мұсылман өзінің күнделікті өмірінде ислам құқығының (шариғат) нормаларын басшылыққа алады. Тіпті мұсылмандық ортадан тыс өмір сүрген жағдайда да ол осы нормаларды ұстануға, өз мінез-құлқын Құран мен Сүннет қағидаттары-на сәйкестендіруге ұмтылады.

Осы тұрғыдан алғанда, ислам құқығындағы норма (хукм) – әлеумет-тік тәртіптің негізі болып саналады: ол мінез-құлықтың белгілі бір өлшемін айқын-дап, адамның іс-әрекеттерінің рұқсат етілу дәрежесін бағалайтын құқықтық өлшеуіш қызметін атқарады. Усул ғалымдарының (ислам құқық теориясын зерттеушілердің) түсіндіруінше, хукм – Алланың мукалләф (іс-әрекетке қабілетті) мұсылмандарға ар-наған үндеуі болып, олардың іс-қимылда-рын құқықтық тұрғыдан бағалауға арналған әмбебап ұстаным ретінде қарастырылады. Бұл бағалау бірнеше санатқа бөлінеді: **фард** – міндетті парыз, **уәжіп** – қажетті, **мубах** – рұқсат етілген, **харам** – тыйым салынған, **мандуб** – ұнамды, құпталған, **макруһ** – ұнамсыз, құпталмайтын [1, 34 б].

Сөйтіп, **хукм** – мұсылман үшін «жақсы» мен «жаманның» шегін айқындайтын, белгілі бір іс-әрекеттің рұқсат немесе тыйым салынғанын көрсететін шешім.

Сонымен **хукм** ислам құқығының негізгі нормативтік категориясы ретінде мұсылманның құқықтық санасы мен мінез-құлқының қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Оның дәл әрі жүйелі айқындалуы мұсылманның діни-құқықтық ұстанымдары мен іс-әрекеттерінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Ал хукмның дұрыс анықталмауы немесе оның қолданылу шарттарының бұзылуы құқықтық нормалардан ауытқып, мұсылманның девианттық, яғни шариғат талаптарына сай келмейтін мінез-құлқына әкелуі мүмкін [2, 52 б].

Материалдар мен әдістер

Біріншіден, **құқықтық-лингвистикалық және семантикалық әдістер** пайдаланылды. Бұл әдіс ислам құқық терминологиясын ашып көрсету үшін қолданылды [2]. Сондай-ақ Ваэль Халляк «Ислам құқығы теорияларының тарихы» атты шығармасындағы усул ілімі терминдеріне жасалған анықтамалар мәтіндегі ұғымдардың мағынасын нақтылауға мүмкіндік берді [3].

Екіншіден, **компаративистикалық талдау әдісі** қолданылды. Бұл тәсіл ислам құқығының әртүрлі мәзһабтарындағы нормашығару қағидаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыру үшін пайдаланылды. Ваэль Халляк ислам құқығы теориясына арналған еңбегі осы бағытта негіз ретінде алынды [4]. Сонымен қатар, Аусил Надир Фарид Мухаммадтың «Мадхал әл-уасит ли дироса әл-исламия уа әл-фиқһ» еңбегі ислам құқық жүйесін кешенді салыстырмалы тұрғыда қарастыруға мүмкіндік берді [5].

Үшіншіден, зерттеу барысында дәстүрлі ғылыми әдістер қолданылды. Мысалы, **интерпретациялық-құқықтық талдау** әдісі арқылы Мустафа Ахмад әз-Зәрқаның «Мәдхаль әл-Фикһ әл-Амм» еңбегінде берілген нормашығару қағидалары қазіргі мұсылман құқықтық ойы тұрғысынан талданды [6]. Сонымен қатар *теориялық зерделеу* тәсілі Мухаммад Әли әс-Саис «Тарих әл-Фикх» әл-Ислами еңбегіндегі ислам құқық тарихын жүйелеу үлгісін негізге ала отырып қолданылды [7]. **Тарихи-құқықтық сипаттау әдісі** ислам құқық жүйесінің дамуындағы әлеуметтік және мәдени ықпалдарды

көрсету үшін пайдаланылды. Сонымен қатар **ғылыми-қорытындылау әдісі** арқылы жоғарыда аталған дереккөздерден теориялық және практикалық тұжырымдар жинақталып, ислам құқық жүйесінде нормашығару әдіснамасының мұсылман мінез-құлық мәдениетіне ықпалы жөнінде кешенді тұжырым жасалды.

Нәтижелер, талқылау

Заманауи мұсылман үмметіндегі теріс үрдістер, әдетте, құқықтық-нормативтік талаптарға сәйкес келмейтін мінез-құлықтың салдары болып табылады. Нормативтен ауытқыған мінез-құлықтың айқын мысалдарына діни уәжделген зорлық-зомбылық әрекеттері, сондай-ақ экстремистік неме-се террористік сипаттағы қылмыстарды жатқызуға болады. Мысалы, Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасында мұндай әрекеттер құқыққа қарсы және қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіретін қылмыс ретінде қатаң жауаптылыққа тартылатыны бекітілген. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 255-бабында терроризм актісі үшін қылмыстық жауаптылық көзделсе, 256-бапта терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру қылмыс деп танылады.[2]

Мұндай құқыққа қайшы қылықтар, өз кезегінде, қоғамдық тәртіптің бұзылуына, құқықтық реттеудің әлсіреуіне және хаос пен анархияның туындауына алып келеді. Осы тұрғыдан мұсылман қауымының құқықтық нормаларға сай және нормадан ауытқыған мінез-құлық пен ислам құқығындағы (фикһ) нормашығару үдерісінің талаптарын сақтау деңгейі арасындағы өзара байланысты зерттеу бүгінгі күні аса маңызды болып отыр. Бұл өзара байланысты терең құқықтық-теориялық тұрғыдан талдау мұсылман жамағаты арасындағы девианттық мінез-құлықтың алғышарттарын анықтап, оны еңсеруге бағытталған тиімді құқықтық және институционалдық тетіктерді ұсынуға мүмкіндік береді.

Ислам құқығындағы норманың пайда болу бастауларын айқындау үшін алдымен фикһ (ислам құқығы) мен усул әл-фикһтың (ислам құқығының теориясы мен әдіснамасы) классикалық анықтамаларына жүгіну қажет.

Ханафиттік құқықтық мектебінің негізін қалаушысы имам Әбу Ханифа фикһты «адамның өзіне пайдалы мен зияндыны ажырата білуге қатысты білімі» деп тұжырымдайды [3, 102 б]. Бұл жерде фикһ тек теориялық білім емес, адамның күнделік-ті өмірінде құқықтық нормаларды дұрыс қолдану қабілетін де қамтиды. Кейінгі ханафи құқық ғұламалары осы анықтаманы толықтырып, оған «амалан» (ғамален) деген ұғымды енгізді [4, 79 б]. Мұның мәні – фикһ адамның ішкі сенімімен қатар оның нақты сыртқы әрекеттері мен мінез-құлқына қатысты құқықтық бағалауды да білдіреді.

Осылайша фикһ – шариғат нормаларын түсіну ғана емес, оларды қоғамдық қатынастарда дұрыс жүзеге асыруға бағытталған кешенді құқықтық ілім ретінде айқындалады.

Усул әл-фикһ (ислам құқықтану әдіснамасы) ұғымына берілетін мазмұнды анықтамалардың бірі мынадай түрде тұжырымдалады:

Мұжтаһидтің (құқықтық норманы өздігінен шығаруға құзырлы ғалымның) дәлелді құқықтық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы шариғаттың егжей-тегжейлі дәлел көздерінен (Құран, Сүннет, ижмағ, қияс және өзге де дереккөздер) міндетті құқықтық үкімдерді жүйелі түрде айқындауына мүмкіндік беретін қағидалар мен ережелер жиынтығына қатысты ілім [5, 113 б].

Бұл анықтама усул әл-фикһтың негізгі құқықтық мәнін дәл бейнелейді: ол – ислам құқығының нормаларын түпкі дереккөздерден құқықтық дәлелдеу жолымен шығарып, құқық қолдану тәжірибесіне енгізуге арналған теориялық-әдіснамалық негіз.

Аталған анықтамадан Ислам құқығындағы норма қалыптастыру үдерісі төмендегі негізгі элементтердің үйлесімді орындалуын талап етеді:

Ислам құқық көздерін терең меңге-ру (адилла тафсилийя) – Құран, Сүннет, ижмағ және қияс сияқты шариғаттың егжей-тегжейлі дәлелдерін толық әрі жүйелі білу;

Ижтиһад – құқықтық норманы дербес түрде айқындауға құзыретті субъектінің (мұжтаһидтің) жоғары деңгейдегі біліктілік және әдістемелік даярлығы;

2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 3 шілде №226-V ҚРЗ. – URL: https://adilet.zan.kz (қаралған күні: 10.02.2026).

Истидлял – шариғат нормаларын дәлелдеу мен негіздеу үшін қолданылатын құқықтық талдау және дедуктивтік тәсілдер жиынтығы [6, 96 б].

Аталған талаптар кешенді түрде сақталған жағдайда ғана шариғаттық құқықтық норма – ***хукм*** – дұрыс әрі толық қалыптасады. Мұндай хукм мұсылманның құқықтық санасы мен нормативтік мінез-құлқын реттейтін, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін негізгі құқықтық өлшем болып табылады.

Осылайша, ислам құқығындағы нормашығару (хукм қалыптастыру) үдерісінің заңдылығы мен дәлдігі аталған шарттардың толық орындалуына тікелей тәуелді. Негізгі элементтер – дәлелдемелік дереккөздерді терең білу, ижтихадқа қабілетті болу және истидлял әдістерін кәсіби деңгейде қолда-ну – шариғаттық норманың мазмұны мен күшін айқындайтын шешуші талаптар. Егер осы талаптардың кез келгені сақталма-са, норманың қалыптасуы кемел деңгейге жетпей, құқықтық ауытқу (девиация) орын алады. Мұндай ауытқу, өз кезегінде, мұсылманның құқықтық санасы мен мінез-құлқына теріс ықпал етіп, қоғамдық тәртіп пен шариғат қағидаларына қайшы девианттық әрекеттердің таралуына әкелуі мүмкін.

Әбу Хамид әл-Ғазали өзінің «әл-Мустасфа» атты еңбегінде дұрыс қалыптасқан шариғат нормасын (хукм) Құранда айтылған жеміс беретін мықты ағашқа теңейді:

«Көрмедің бе, Алла жақсы сөзді тамыры жерге мықтап бекіп, бұтағы көк-ке көтерілген жақсы ағашқа ұқсатты. Ол Раббысының рұқсатымен әрдайым жемісін береді. Алла адамдарға үгіт алу үшін осылай мысал келтіреді. Жаман сөз – жер бетінен жұлып тасталған, тұрақ таппаған жаман ағашқа ұқсайды» [11, 14:24-25].

Имам әл-Ғазали бұл мысалды шариғаттағы құқықтық нормашығару үдерісінің мәнімен байланыстыра түсіндіреді. Оның пайымдауынша, дұрыс әрі дәлелді үкім – тамыры Құран мен Сүннетке мықтап орныққан құқықтық құрылым. Бұл «ағаштың» бұтақтары қоғамдағы құқықтық мінез-құлықты айқындайтын практикалық ережелерді білдіреді. Мұндай норма дәл сол ағаш секілді үнемі «жеміс» беріп, мұсылман қауымына тұрақты рухани және құқықтық игілік әкеледі [8, 121 б].

Бұл норманың өміршеңдігі үшін үш құрамдас шарт қажет:

Берік тамыр (аслюһа сабит) – фикһ ғылымының іргелі қағидаттарына негізделу;

Жүйелі тарамданған құқықтық қағидаттар (фарғуһа фис-сама) – негізгі дереккөздерден туындайтын практикалық нормалардың бірізді дамуы;

Құзыретті ғалымдардың ғылыми еңбегі – осы құқықтық құрылымды үнемі жетілдіріп, жаңартып отыратын мұжтаһидтердің ізденісі. Ал енді керісінше, құқықтық негізден ажыраған, дәлелсіз және үстірт көзқарастардан туындаған әрекеттер тамыры жоқ ағашқа ұқсайды: олар тұрақтылықтан айрылып, шариғат талаптарына сәйкес келмейді және ақырында девианттық мінез-құлыққа алып келеді.

Ислам құқық жүйесіндегі түрлі ағымдар мен бағыттардың әрқайсысы ***хукм*** – яғни шариғаттық-құқықтық норманы қалыптастырудың өзіндік тетіктеріне ие. Дегенмен дәстүрлі канондық мазһабтарда бұл үдеріс қатаң құқықтық-методологиялық негіздерге сүйенеді: мұнда фикһтің (усул әл-фикһ) әдіснамалық қағидаттары шешуші мәнге ие болып, шариғат нормасы дәл осы ғылыми талаптар мен рәсімдерге сәйкес бекітіледі [9, 254 б].

Маргиналдық сипаттағы кейбір исламдық ағымдарда шариғаттық нормаларды қалыптастыруда классикалық фикһ (усул әл-фикһ) әдістемесіне сүйену айтарлықтай әлсіз. Нәтижеде мұндай топтардың өкіл-дері діни-құқықтық шешімдерді көбіне өз бетінше, субъективті пайымдар мен ерікті көзқарастарға негіздеп қабылдайды. Бұл үдерісте ислам құқық ғылымында бекітілген нормашығару талаптары мен әдіснамалық қағидаттары елеулі бұрмалауға ұшырап, олардың мазмұны не толықтай өзгертіледі, не маңызынан айырылады, не болмаса барынша жеңілдетіліп, формалды сипатта ғана қолданылады. Мұндай практика құқықтық тұрақтылықты әлсіретіп, шариғат нормаларының тұтастығы мен міндеттілігін қамтамасыз ететін дәстүрлі құқықтық жүйенің негіздеріне қайшы келеді.

Ислам құқығында норманы (хукм) қалыптастыру үдерісінің негізгі шарттарының бірі – исламдық құқықтың толық дереккөздерін (адилля) білу. Каноникалық мазһабтарда бұл шарт толық орындалады: олар ислам құқығының негізгі және қосымша де-

реккөздерін мойындайды және қолданады. Оларға Құран, Сүннет, мұсылман құқықтанушыларының консенсусы *(иджма),* қияс (аналогия), әдет-ғұрыптар *(урф адат,* оның ішінде Мәдина тұрғындарының дәстүрлері), жалпы пайда қағидасы *(истислах),* ұзаққа созылған құқықтық тәжірибе қағидасы *(истисхаб),* құқықтық артықшылық қағидасы *(истихсан),* зиян жолдарын жабу қағидасы *(садд аз-зараиғ),* исламға дейінгі құқық жүйелері *(шар ман қабляна),* сахабалардың ұстанымдары *(мазһаб ас-сахаба)* және тағы басқа кіретін дереккөздер жатады. Бұл әдіс шариғат нормасын дәлелді, жүйелі және үйлесімді қалыптастыруға мүмкіндік береді [10, 185 б].

Ал маргиналдық ислам ағымдары, яғни әдістемелік тұрғыдан фикһ ғылымына негізделмеген, шариғат нормаларын қалыптастыруда өзіндік еркіндікке сүйенетін топтарда жағдай басқаша. Бұл ағымдардың өкілдері көбіне тек Құран мен Сүннетке сүйенеді және басқа дереккөздерді елемейді. Нәтижесінде оларда норманы қалыптастырудың әрбір шарты өзгереді, оның мәні әлсірейді немесе қарапайымдалады. Мұндай тәсіл шариғаттық норманың толық және біркелкі құрылуына кедергі келтіріп, құқықтық тұрақтылықты бұзады, соның салдарынан девианттық, яғни нормативтік емес мінез-құлыққа әкелуі мүмкін.

Деструктивтік ислам ағымдарының ізбасарларына келсек, онда олардың құқықтық мінез-құлқын зерделеу нәтижелері көрсеткендей, олардың жетекшілері тек Құран мен Сүннетке ғана сүйенетіндерін ғана ресми түрде жариялап, басқа дәстүрлі дереккөздерді елемейді [12, 74 б]. Бұл әдіс шариғат нормаларын қалыптастырудағы методологиялық толықтықтың болмауына, құқықтық негіздердің тұрақтылығына нұқсан келтіруіне және исламдық құқық жүйесінің біркелкілігін бұзуға алып келеді. Осындай дербес және шектен тыс ерікті нормалық шешімдер нәтижесінде қалыптасатын құқықтық практика дәстүрлі мазһабтарда белгіленген жүйелі және дәлелді нормалардан ауытқып, девианттық мінез-құлыққа жол ашады.

Нормашығару субъектісінің иджтихадқа қойылатын біліктілік талаптарына сәй-кестігі мәселесіне келсек, бұл шарт ислам құқықтануының классикалық еңбектерінде егжей-тегжейлі сипатталған. Атап айтқанда, әл-Джассас «әл-Фусул» еңбегінде, Ибн Салах «Әдәб әл-муфти уә-ль-мустафти» трактатында, әл-Ғазали «әл-Мустасфа» шығармасында, ән-Нәууи «Әдәб әл-фатуа уә-ль-муфти уә-ль-мустафти» еңбегінде, Абд әл-Азиз әл-Бұхари «әл-Кашф» кітабын-да, әл-Мардауи «әл-Инсаф» шығармасында, сондай-ақ әш-Шатыби «әл-Муафақат» еңбегінде иджтихадқа қойылатын талаптарды әртүрлі көлемде талдап көрсеткен.

Олар иджтихад жасаушы (мужтаһид) үшін негізгі шарттар ретінде төмендегілерді атап өтеді:

Иджтихад жасайтын мужтаһидке қойылатын негізгі біліктілік шарттары:

– Құранның құқықтық үкімдерге қатысты барлық аяттарын терең білу;

– Құқықтық мәні бар барлық хадистерді жетік меңгеріп, олардың сенімді (сахих) және әлсіз (дағиф) түрлерін ажырату қабілеті;

– Араб тілінің лексикасы мен грамматикасын толық меңгеру, шариғат мәтіндерінің түпкі мағынасын дәл түсіндіру үшін;

– Үмбеттің консенсусымен (ижма) бекітілген мәселелерді білу;

– Қияс (аналогиялық дәлел) әдісін кәсіби деңгейде қолдана білу;

– Нәсх теориясын – күшін жойған және күшін жоятын мәтіндерді (мансух пен насих) айқындау ілімін игеру [12, 67 б];

– Фикһтің теориясы мен әдіснамасын (усул әл-фикһ) жан-жақты білу;

– Шариғаттың мақсаттары теориясын (макасид әш-шариға) игеру;

– Нормашығару ісінде кәсіби шеберлік пен тәжірибе (малака);

– Жоғары моральдық бедел мен әділдік (ғадл);

– Қоғам мен адамдардың әлеуметтік-мәдени жағдайларын жақсы білу және өзге де толықтырушы білімдер [13, 113 б].

Бұл шарттар ислам құқықтануындағы дербес ижтихадқа қабілетті құқықтық тұлғаның (мужтаһидтің) негізгі кәсіби әрі этикалық өлшемдерін құрайды.

Алайда деструктивтік сипаттағы кейбір маргиналдық діни ағымдарда иджтихадқа қойылатын жоғарыда аталған біліктілік талаптары нормашығару субъектілеріне мүлде қолданылмайды. Мұндай талаптардан саналы түрде бас тарту интеллектуалдық-құқықтық әдістеменің әлсіреуіне әкеліп,

шариғат нормаларын шығару үдерісіне қажетті білім мен кәсіби даярлығы жоқ қарапайым жамағаттың араласуына жол ашты.

Нәтижесінде исламдық құқық жүйесіндегі шариғаттық мінез-құлық нормаларын қалыптастыру саласында құқықтық құзыреті жоқ топтардың ықпалы күшейіп, охлократиялық үрдіс орын алды. Бұл құбылыс шариғат үкімдерінің дәлелділігін, құқықтық тұтастығын және әділеттілігін әлсіретіп, ислам құқығының дәстүрлі қағидаларына айтарлықтай қатер төндіреді [14, 148 б].

Бірқатар деструктивтік ағымдардың тәжірибесінде бірнеше аят пен хадисті жаттап алып, оларды терең талдаусыз тура мағынада түсіндіру шариғат ғылымының кешенді әдіснамасын алмастырып отыр. Мұндай бағытта шариғат нормаларын түсіндіру құқығы діни-құқықтық білімі жеткіліксіз кез келген адамға еркін беріледі.

Алайда Құран мен Сүннеттің өзінде мұндай жаппай құқықсыз «толғауларға» жол берілмейді. Ислам құқығының дәстүрлі қағидаттары бойынша шариғат үкімін шығару – арнайы білім мен ижтихадқа қойылатын қатаң талаптарға сай келетін құзыретті ғалымдардың (муджтаһидтердің) айрықша өкілеттілігі болып табылады.

Ислам құқық жүйесінде шариғат нормаларын талдау мен түсіндіруде білім иелерінің (ахлю-ль-ильм) беделіне сүйену – құқықтық талап болып саналады [15, 44 б]. Бұл қағидат Құран аяттарымен айқын дәлелденген:

«**Егер білмесеңдер, білім иелері-нен сұраңдар»** [11, 16:43]. Тағы бір аятта: **«Оларға қауіп немесе тыныштыққа қатысты хабар келген кезде, олар оны жария етеді. Егер олар оны Пайғамбарға және өздеріндегі билік иелеріне тапсырғанда, олардан оны мәнін біле алатындар анықтаған болар еді»** [11, 4:83]. Сондай-ақ: «**Көптеген адамдар білімсіз өз әуестеріне еріп, өзгелерді адастырады»** [11, 5:119].

Ал енді хадисте былай деп келген:

«Алла ілімді құлдарының көкірегінен жұлып алып кету арқылы емес, ғалымдарды алып кету арқылы жояды. Ғалым қалмай, адамдар надан басшыларды таңдап алады да, олардан пәтуа сұралады. Олар білімсіз пәтуа беріп, өздері де адасады, өзгелерді де адастырады» [16, 422 б].

Аталған аяттар мен хадисте шариғат нормашығару үдерісінде білікті ғалымдардың құқықтық тұжырымдарына жүгіну – міндет, ал білімсіз, дәлелсіз пікір айту – құқықтық тұрғыдан да, діни тұрғыдан да жарамсыз әрекет екенін айқындайды.

Мұхаммед пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабалары да ғалым беделін жоғары бағалаған. Діни-құқықтық мәселе туындағанда олар өз дәуіріндегі мужтаһидтерге жүгінген. Андалусиялық көрнекті ғалым Ибн Хазм өз еңбектерінде пайғамбардың жүз мыңнан астам сахабасының ішінен мужтаһид деңгейіне жеткендер саны бар болғаны он сегіз адам болғанын атап өтеді. Ал хадисші-ғалым ән-Насаи бұл көрсеткішті жиырма бір сахаба деп көрсетеді [17, 27].

Дәл осы жоғары білікті ғұламалар мұсылман қауымының құқықтық мінез-құлық нормаларын шариғат қағидаттарына толық сәйкестікпен қалыптастырып, олардың заңдық негізін айқындап отырды. Олар Құран мен Сүннеттен туындайтын дәлелдерді терең талдап, ижтихад қағидаларын сақтай отырып, қоғам өмірінің барлық саласына қатысты құқықтық үкімдерді жүйеледі. Осындай мұқият ғылыми-нормативтік қызметтің нәтижесінде шариғат нормалары бірізді әрі тұрақты сипатқа ие болып, мұсылман жамағаты үшін міндетті құқықтық өлшемге айналды.

Мұсылман құқық жүйесінде мінез-құлық нормасын дұрыс қалыптастырудың үшінші шарты – құқықтық талдау техникасы, яғни истидләл (дәлелдендіру әдісі) болып табылады. Бұл талап Құран мен Сүннет мәтіндерінің құрылымдық ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Себебі аяттар мен хадистерде бірмәнді (насс), көпмағыналы (муштарак), айқын (захир), жасырын (хафий), түсіндірілген (муфассар), тура (хакикат) және ауыспалы (маджаз) мағынадағы, сондай-ақ астарлы (имплицитты), айқын (экспицитті) немесе символикалық (муташабих) мазмұндағы құқықтық үкімдер кездеседі. Мұндай күрделі семантикалық қабаттарды дұрыс саралап, олардың арасындағы ықтимал қайшылықтарды (құқықтық коллизияларды) шешіп, дереккөздердің маңыздылығын анықтап және дәлелдер иерархиясын құрып дәлелдік негізде талдау – истидлялдың басты міндеті саналады және ол шариғат нор-

машығару процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Әл-Ғазали өз еңбектерінде атап өткендей, Құран мен Сүннетті терең әрі жүйелі ұғыну әдіснамасы екі іргелі ғылымға – тіл біліміне (араб тілінің синтаксисі, морфологиясы, риторикасы) және формалды логикаға – негізделуі тиіс. Тіл білімі мәтіннің грамматикалық құрылымын және семантикалық реңктерін дәл анықтауға мүмкіндік берсе, логика құқықтық пайымдаудың қисындылығын қамтамасыз етеді [9, 112].

Сондықтан хукм – Құран мен Сүннет мәтіндеріне сүйеніп, тілдік талдау мен логикалық қорыту арқылы шығарылатын, дәлелді әрі жүйелі құқықтық шешім. Мұндай үкім ғана мұсылман қауымының мінез-құлқын реттейтін заңдық тұрғыдан негізді шариғат нормасы ретінде қабылданады.

Осыған байланысты каноникалық мәзһабтарда мұсылман қауымының шариғат нормаларын дұрыс түсініп, олардан үкім шығаруы үшін құқықтық әдіс-тәсілдерді (истидлял) және ислам құқығының арнайы тілін меңгеруге ерекше мән беріледі. Бұл – құқықтық нормашығару процесінің ажырамас талабы әрі «Алланың жолы» (суннатуллаһ) ретінде қабылданған қағида.

Ал қазіргі заманғы деструктивті ағымдарда мұндай қағидат мойындалмайды. Олар шариғаттық нормаларды қалыптастыру құзыретін өздерінің барлық мүшелеріне дерлік бере отырып, құқықтық техника мен ислам құқығының тілі бойынша кәсіби даярлықты талап етпейді. Нәтижесінде құқықтық дәлелдерге негізделмеген, үстірт түсіндірулер көбейіп, шариғат нормаларының қалыптасуында құқықтық айқындық пен жүйелілік жоғалады.

Осылайша, мұсылманның мінез-құлықтық нормасын қалыптастырудың тәртібі, әдістері мен тетіктері ислам дініндегі әртүрлі ағымдар мен діни ұстанымдардың бей-біт немесе радикалды сипаттағы формаларына қарай елеулі айырмашылықтарға ие деп айта аламыз. Дәстүрлі ислам құқықтық мектептері құқықтық норманы қалыптастыру барысында жұртшылық тарапынан орын алуы мүмкін еркінсуді болдырмау үшін негізгі шарттардың қатаң сақталуын талап етеді. Ал деструктивті ағымдар, керісінше, өз ізбасарларын мұндай зияткерлік және әдіснамалық еңбектен «босатады». Алайда соңғы онжылдық тәжірибе көрсеткендей, бұл жалған «еркіндік» өзін-өзі «муфти» немесе «муджтахид» деп жариялаған адамдардың тарапынан еріксіздікке, құқықтық нигилизмге, анархияға және зорлық-зомбылыққа алып келетін тетікке айналды [18, 157 б].

Мұсылманның құқықтық мінез-құлқы хукмды (шариғаттық үкімді) қалыптастыру тетіктерінің, сондай-ақ оның ұстана-тын мәзһабының немесе манһажының (құқықтық-идеологиялық әдістемесінің) ықпалында болады. Оның іс-әрекетіне өзі жататын әлеуметтік тобы мен діни бағытының ұстанымдары айтарлықтай ықпал етеді. Нормативтік-құқықтық тәртіптің негізгі шарттарын бұзатын ағым өкілдерінен құқыққа сай мінез-құлықты күту – құқықтық тұрғыдан негізсіз.

Қорытынды

Сонымен, шариғаттық норма дұрыс қалыптаспайынша, құқықтық норманың толыққанды қызметі мүмкін емес. Мұндай жағдайда әртүрлі деструктивті діни ағымдар өз жақтастарына қоғамға жат, девианттық әрі патологиялық мінез-құлық үлгілерін тануға ұмтылады. Ислам құқығы ғылымы (фикһ) мұндай хукмға (шариғаттық нормаға) қарсы бағытталған әрекеттерге және мұсылман тұлғасының еркіндігін басып-жаншу әрекеттеріне қарсы тұруды көздейді. Өйткені мұсылманның нормативтік мінез-құлқы оның шариғаттық мінез-құлық нормасын (хукм) қалыптастырудың дұрыс тәртібі мен механизмін мойындауына және ұстануы-на тікелей тәуелді. Басқаша айтқанда, мі-нез-құлықтың құқықтық тұрғыдан реттелуі – шариғат үкімінің дұрыс қалыптасу тәртібін қабылдаумен тығыз байланысты.

Дұрыс қалыптасқан хукм ғана шариғаттың түпкі мақсатына сай қоғамдық тәртіпті нығайтып, жеке тұлғаның да, бүкіл үм-беттің де мінез-құлқын құқықтық арна-да ұстап тұра алады. Мұндай норма Құран мен Сүннетке негізделген, мазһаб ғұлама-лары қалыптастырған әдіснамалық талап-тарды толық сақтай отырып жасалған үкім арқылы ғана жүзеге асады. Сонымен бірге, хукмның ғылыми негізде айқындалуы мұ-сылман қауымының құқықтық санасын кө-теріп, қоғамдағы әділдік пен бейбітшілікті

қамтамасыз етеді. Ал керісінше, дәлелсіз және жүйесіз нормашығару әрекеттері деструктивті ағымдардың пайда болуына, құқықтық нигилизмге және радикалды мінез-құлықтың таралуына жол ашады.

Осы тұрғыдан алғанда, ислам құқығында нормашығару тәртібін терең меңгеру мен оны тәжірибеде мүлтіксіз сақтау – қазіргі мұсылман қоғамы үшін стратегиялық маңызы бар міндет. Бұл талаптарды орындау арқылы ғана хукм өзінің шынайы қызметін атқарып, мұсылманның жеке өмірінен бастап қоғамдық қатынастарға дейінгі барлық салада құқықтық тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз ете алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ:

1. Әл-Алә әл-Әсмәнди. Бәзл ән-Назар фи әл-Усул. – Қаһира: Дар ат-Турас, 2021. – 221 б.
2. Әділбаев А. Ислам құқығы негіздері: монография / А. Әділбаев, Ш. Әділбаева, С. Оқанұлы. – Алматы: Муфтият баспасы, 2024. – 493 б.
3. Ваэль Халляк. История исламских теорий права / перевод Царегородцева И. А. – Москва: ВШЭ, 2022. – 465 б.
4. Мухаммад Садык Мухаммад Юсуф. Права человека в исламе. – Москва: Диля, 2008. – 258 с.
5. Аусил Надир Фарид Мухаммад. Мадхал әл-уасит ли дироса әл-исламия уа әл-фиқһ. – Қаһира: Мактаба әт-тауфиқия, 1997. – 395 б.
6. Әл-Ғәлә әл-Әсманди. Бәзл ән-назар фи әл-усул. – Қаһира: Дар ат-турас, 2020. – 215 б.
7. Мухаммад Әли әс-Саис. Тарих әл-Фиқһ әл-Ислами. – Байрут: Дал әл-Кутуб әл-Ильмия, 2022. – 289 б.
8. Әбу Хамид әл-Ғазали. Әл-Мустасфа. – Димашқ: Әл-Қәләм, 1997. – 389 б.
9. Сюкияйнен Л. Р. Исламское право и диалог культур в современном мире. – Москва: ВШЭ, 2021. – 684 с.
10. А. Али-заде. Исламский энциклопедический словарь. – М.: Ансар, 2021. – 326 с.
11. URL: www.kitap.kuran.kz. (қаралған күні: 30.11.2025)
12. Ибрагим ибн Муса аш-Шатиби. Аль-Муафақат. – Байрут: Дар әл-Қалам, 2018. – 340 б.
13. Сабдин А. Теологические нарративы дерадикализации. – Алматы: Асыл Мұра, 2021. – 241с.
14. Сандыбаев Ж. С., Сабдин А. К. «Мәжаллә» кодексі ислам құқығы тарихындағы реформа ретінде // Сот төрелігі академиясының хабаршысы – 2024. – № 2 (6). – Б. 43-51.
15. Сахих аль-Бухари. – Қаһиро: Ән-Нур, 2021. I.T. – 469 б.
16. Мадкур Мухаммад Салам. Мәдхал әл-Фикһ әл-Ислами. – Кувейт: Дар әл-Китаб әл-Хадис, 2022. – 298 б.
17. Шагиев Д. А. Исламские течения и группы. – Казань: Хузур, 2021. – 289 с.
18. Полат А. Учение заблудших групп и сект и преступления, совершаемые их последователями под предлогом защиты единобожия. – Казань: Спокойствие, 2020. – 225 с.

REFERENCES:

1. Al-'Ala al-Asmandi. Bazl an-Nazar fi al-Usul. – Qahira: Dar at-Turas, 2021. – 221 B.
2. Adilbaev A. Islam quqyghy negizderi: monografiya / A. Adilbaev, Sh. Adilbaeva, S. Oqanuly. – Almaty: Muftiyat baspasy, 2024. – 493 B.
3. Vael Khallak. Istoriya islamskikh teoriy prava / perevod Tsaregorodtseva I.A. – Moskva: VSHE, 2022. – 465 B
4. Mukhammad Sadyq Mukhammad Yusup. Prava cheloveka v islame. – Moskva: Dilya, 2008. – 258 B.
5. Awsil Nadir Farid Muhammad. Madkhal al-Wasit li Dirasat al-Islamiyya wa al-Fiqh. – Qahira: Maktabat at-Tawfiqiyya, 1997. – 395 B.
6. Al-'Ala al-Asmandi. Bazl an-Nazar fi al-Usul. – Qahira: Dar at-Turas, 2020. – 215 B.

7. Muhammad ‘Ali as-Sais. Tarikh al-Fiqh al-Islami. – Bayrut: Dar al-Kutub al-‘Ilmiyya, 2022. – 289 B.
8. Abu Hamid al-Ghazali. Al-Mustasfa. – Dimashq: al-Qalam, 1997. – 389 B.
9. Syukiyainen L.R. Islamskoe pravo i dialog kultur v sovremennom mire. – Moskva: VSHE, 2021. – 684 B.
10. A. Ali-zade. Islamskiy entsiklopedicheskiy slovar’. – Moskva: Ansar, 2021. – 326 B.
11. URL: www.kitap.kuran.kz (qaralğan küni: 30.10.2025)
12. Ibrahim ibn Musa ash-Shatibi. Al-Muwafaqat. – Bayrut: Dar al-Qalam, 2018. – 340 B.
13. Sabdin A. Teologicheskie narrativy deradikalizatsii. – Almaty: Asyl Mura, 2021. – 241 B.
14. Sandybayev Zh.S., Sabdin A.K. «Mazhalle» kodeksi islam quqyǵy tarihyndaǵy reforma retinde // Sot tôreligi akademiasynyń habarshysy – 2024. – №2 (6). – B.43-51.
15. Sahih al-Bukhari. – Qahira: an-Nur, 2021. Vol. I. – 469 B.
16. Madkur Muhammad Salam. Madkhal al-Fiqh al-Islami. – Kuwait: Dar al-Kitab al-Hadith, 1986. – 298 B.
17. Shagiev D.A. Islamskie techeniya i gruppy. – Kazan: Khuzur, 2020. – 289 B.
18. Polat A. Uchenie zabludshih grupp i sekt i prestupleniya, sovershaemye ih posledovatelyami pod predlogom zashity edinobozhiya. – Kazan: Spokoystvie, 2020. – 225 B.